

Шалқар ауданының жекелеген елді мекендерін ауыл санатына жатқызу туралы

Бірлескен Ақтөбе облысының әкімдігінің 2007 жылғы 5 желтоқсандағы № 395 қаулысы және Ақтөбе облысының мәслихатының 2007 жылғы 5 желтоқсандағы № 29 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2007 жылдың 26 желтоқсанда № 3232 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабына сәйкес Шалқар ауданы өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, **облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданы Біршоғыр ауылдық округінің N 59 темір жол бекетіндегі елді мекен ауыл санатына жатқызылсын және Қарабұлақ ауылы болып аталсын.

2. Шалқар ауданы Ақтоғай ауылдық округінің N 60 темір жол бекетіндегі елді мекен ауыл санатына жатқызылсын және Қорғанжар ауылы болып аталсын.

3. Шалқар аудан әкімі (Р.М.Сыдықов) осы бірлескен қаулы және шешімнен туындайтын қажетті шаралар қабылдасын.

4. "Ақтөбе облысының статистика басқармасы" ММ (А.Д.Мұқаев) жоғарыда көрсетілген елді мекендерді есепті деректерге енгізісін.

5. "Ақтөбе облысының жер қатынастары басқармасы" ММ (М.Н.Жекеев) жер-кадастр құжаттарына тиісті өзгерістер енгізісін.

6. Осы қаулы және шешім ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Облыс әкімі
Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы